

**Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК
№3 педагогикалық кеңес ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Төраға: А.К. Салыкова

Хатшы: Н.Б. Секербаева

Өткізу күні: 2026 жылғы 30 қаңтар

Қатысқандар: 29

Өткізу форматы: офлайн

Тақырыбы: «Балабақшада ландшафтық зерттеулерді ұйымдастыру тәсілдері».

Мақсаты: Көгалдандыру және ландшафтық жобалауды жоспарлау, топтарға бейімдеу, балалардың жас ерекшеліктеріне сай іс-әрекеттерді ұйымдастыру.

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысушылар: Балабақша әкімшілігі, педагогтер, хатшы.

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық кеңесті ашу.

№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы. Балабақша меңгерушісінің алғы сөзі, отырыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау. (Меңгеруші: А.К. Салыкова)

2. Балаларды шығармашылыққа тарту арқылы табиғатқа қамқорлық сезімін қалыптастыру. «Қолөнер арқылы көгалдандыру». (Тәжірибе алмасу. Тәрбиешілер: Садуакасова Ж.Ж. Серкбай Б.)

3. «Табиғат – жан тыныштығының көзі». (Тренинг. Психолог: Кожамсеитова А.Р.)

4. Педагогтарға балалар бөлмесі мен аумақты табиғи материалдар арқылы безендіру әдістерін көрсету. «Эко-стильде балалар топтарын безендіру». (Тәжірибе алмасу. Тәрбиеші: Жукутова А.А; Секербаева Н.Б.)

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі: А.К. Салыкова ашып, бүгінгі кеңестің мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. «Балабақшада ландшафтық зерттеулерді ұйымдастыру тәсілдері» арқылы балабақша аумағында ландшафтық зерттеулерді ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталып, балалардың табиғатқа қызығушылығын арттыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу жолдары туралы айтты. Зерттеу жұмыстарын ойын, бақылау және тәжірибе арқылы ұйымдастыру тәсілдері түсіндірілді. Ландшафтық зерттеулерді оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі түрде қолдану педагогтарға ұсынылу керектігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша

Балаларды шығармашылыққа тарту арқылы табиғатқа қамқорлық сезімін қалыптастыру мақсатында педагогтарға 4 түрлі практикалық тапсырма ұсынылды. «Қолөнер арқылы көгалдандыру» тақырыбында Садуакасова Ж.Ж педагогтермен өз тәжірибесімен бөлісті.

Балаларды шығармашылыққа тарту арқылы табиғатқа қамқорлық сезімін қалыптастыру мақсатында педагогтарға 4 түрлі практикалық тапсырма ұсынылды.

I-ші тапсырма Өсімдіктердің өсу кезеңдері фетр матасынан дайындалып берілді. Сонымен қатар қиылған қағаздардан бүктелген гүлдер мен жасыл түсті қағаздардан шөптер жасалып, қағаз желім арқылы картонға жапсырылды. Су шашу арқылы «гүлдердің ашылу» үдерісі көрсетіліп, педагогтар оны қызығушылықпен тамашалады.



II-ші тапсырма

Кубиктерге жапсырылған өсімдіктердің суреттерінен композиция құрастырып, жол жүру ережесінің көрінісі бейнеленді. Педагогтар топпен жұмыс жасап, дайын жұмыстарын ортаға шығып қорғады.



III-ші тапсырма Липучка (жапсырма) арқылы өсімдіктердің өсу кезеңдері бойынша дұрыс орналастыру тапсырмасы орындалды. Педагогтер қызығушылықпен тапсырмаларды орындап, өз ойларымен бөлісті.



Тәрбиеші: Бохен Серкбай осы тақырып аясында педагогтарға қызықты шығармашылық тәжірибесімен бөлісті.


I-ші шығармашылық жұмыс

Құс қанаты оюлары түрлі түсті негізге салынды. Әр түске тартылған жүн жіптерге су шашу арқылы ою бейнесі айқындалып, әсем көрініс пайда болды.



II-ші шығармашылық жұмыс

Пластмасса тәрелкелерге жұлдызшалар мен табиғи элементтерді тоқыма жіптерді орналастыру арқылы экологиялық композиция жасалды.



- ✓ Қолөнер арқылы көгалдандыру элементтерін оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.
- ✓ Балалардың экологиялық тәрбиесін арттыру мақсатында шығармашылық тапсырмаларды жүйелі қолдану.
- ✓ Педагогтардың тәжірибе алмасуын жалғастыру.


Үшінші мәселе бойынша балабақша педагог – психологы: А.Р. Кожамсейтова педагогтармен «Табиғат – жан тыныштығы» тренингін өтті. Тренинг өте қызықты форматта ұйымдастырылды. Тренингтің мақсаты – әріптестер арасында бір-бірін тыңдай білу дағдысын дамыту, өзара түсіністік пен ұжымшылдықты нығайту. Педагогтар белсенді қатысып, тренинг барысында жағымды эмоция алып, ой бөлісті.



- ✓ Психологиялық тренингтерді педагогтардың кәсіби күйзелісінің алдын алу мақсатында жүйелі түрде өткізу ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша «Эко-стильде балалар топтарын безендіру» тақырыбында тәрбиеші: Жукутова А.А; Секербаева Н.Б.

Педагогтарға балалар бөлмесі мен балабақша аумағын табиғи материалдар арқылы безендіру әдістерін көрсетті. Осы тақырып аясында видеоролик ұсынылды. Видеороликте әртүрлі материалдарды пайдалана отырып, топтарды эстетикалық тұрғыда әдемі безендіруге болатыны түсіндірілді. Сонымен қатар тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау жолдары, оларды қайта пайдалану арқылы экологиялық тәрбие беру мүмкіндіктері айтылды.



- ✓ Эко-стиль элементтерін балалар топтарын безендіруге қолдану.
- ✓ Табиғи және қайта өңделетін материалдарды тиімді пайдалану тәжірибесін кеңейтуді ұсынды.

Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер

1. Балалардың экологиялық тәрбиесін арттыру мақсатында шығармашылық тапсырмаларды жүйелі қолдансын.
2. Табиғи және қайта өңделетін материалдарды тиімді пайдалану тәжірибесі кеңейтілсін.
3. Психологиялық тренингтерді педагогтардың кәсіби күйзелісінің алдын алу мақсатында жүйелі түрде өткізілсін.

Осы жұмыстардың орындалуын әдіскер: Н.С. Ныгыметова жүктелсін.